

6. İakman J. STEAM-obrazovatelnaia struktura dlä sväzi veşei drug s drugom i reálnöst [STEAM is an educational structure for connecting things with each other and reality]. Independent international educational portal and journal [Electronic resource]. – 2020. [Elektrondy resurs]. URL: <https://novator.team/post/1530>

7. Obuhov A.S. Ot issledovatel'skoi aktivnosti k issledovatel'skoi deiatelnosti: uchenie cherez otkrytia. Nauchno-prakticheskoe obrazovanie, issledovatel'skaia podgotovka, STEAM-obrazovanie: novye tipy uchebnykh situatsii [From research activity to research activity: learning through discovery. Scientific and practical education, research training, STEAM education: new types of educational situations] [Electronic resource]// Collection of reports of the IX International Scientific and Practical Conference: Research activities of students in the modern educational space. Volume 1. / Edited by A.S. Obukhov. - Moscow: MOD "Researcher". – 2018. – P. 20-34. URL: <https://ioe.hse>.

8. Sorokina T.E. Ot Stem k Steam-obrazovaniu cherez programnuuiu sredu Scratch [From Stem to Steam education through the Scratch software environment] [Text]// Modern information technologies and IT-education –2015. – №11. – P. 362-366

9. Savenkov A. Razvitie issledovatel'skikh umeni şkolnikov [Development of research skills of schoolchildren] [Electronic resource]// School psychologist. – 2008. – №18 (424). – P. 9-12 URL: [https://psy.Isept.ru/view\\_article.php?id=200801802](https://psy.Isept.ru/view_article.php?id=200801802)

10. Alekseev N.G., Leontovich A.V., Obuhov A.S. i Fomina L.F. Konsepsia razvitiia issledovatel'skoi deiatelnosti studentov [The concept of development of students' research activity] [Text]// Research work of schoolchildren. – 2002. – №1. – P. 24-33.

11. Altynbekova U.J. Kriterialdy bağalau oqu men oqytudyñ qainar közi retinde [Criterion-based assessment as a source of education and training] [Electronic resource] // Young scientists – 2020. – №8 (298). – P. 324-326. URL: <https://moluch.ru/archive/298/67682/>

12. GeoGebra bağdarlamasyñ arнайы saity [Special site of the GeoGebra program]// <https://www.geogebra.org/>

FTAХP 14.35.82.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.016>

Н.Е. Балгинбаева,<sup>1\*</sup> А.Т. Ақжолова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІН БИЗНЕС-ИННОВАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш білім педагогтерін бизнес инновация негізінде кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мәні, мазмұны мен ерекшеліктері баяндалған. Бастауыш сыныптан бастап қаржылық сауаттылықты арттыру – экономикалық тұрғыдан ұтымды және өзекті мәселе. ЖОО-да болашақ педагогтерді даярлауда әлеуметтік, өндірістік, экономикалық процестер мен жағдайларды терең оқытпайды. Бұл мәселе заманауи-кәсіптік бағдарланған оқу мекемелерінің талаптарына сай бизнес инновацияға негізделген тиімді оқыту жүйесін қалыптастыру керектігін көрсетеді. Бағдарламалық-коррекциялық эксперимент жүргізу барысында, авторлар сапалы білім беру және заманауи қоғамға бейімді мамандарды дайындау үшін «бизнес инновацияларды» оқу курстарына енгізу қажеттілігіне баса назар аударады. Бұл идеяның сәтті жүзеге асуының бір мысалы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институтында «Smart Coach» атты инновациялық бизнес-клубтың ашылуы. Клуб студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытатын және білім берудегі жаңа әдістерді зерттейтін инновациялық орта құру үшін ашылды. Болашақ педагогтерге инновациялық үдеріске белсенді қатысуға, АО «Атамекен» ҚР Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасынан шақырылған мамандардың шеберлік семинарларына қатысу, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға және өз жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Клубтың ашылуы

іскерлік инновациялық дағдылары бар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы маңызды қадам болып табылады.

**Түйін сөздер:** бизнес-инновация, инновация, кәсіп, кәсіби іс-әрекет, кәсіби маман, бизнес-клуб, болашақ педагог.

*Балгинбаева Н.Е.,<sup>1\*</sup> Акжолова А.Т.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## **ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ БИЗНЕС-ИННОВАЦИЙ**

### *Аннотация*

В статье раскрываются значение, содержание и особенности подготовки учителей начальных классов к профессиональной деятельности на основе бизнес-инноваций. Повышение финансовой грамотности с начальной школы является экономически рациональным и актуальным вопросом. Социальные, производственные, экономические процессы и условия не преподаются глубоко при подготовке будущих учителей в вузах. Данная проблема показывает необходимость формирования эффективной системы обучения на основе бизнес-инноваций в соответствии с требованиями современных профессионально-ориентированных образовательных учреждений. В ходе проведения программно-коррекционного эксперимента авторы подчеркивают необходимость внедрения «бизнес инноваций» в учебные курсы для обеспечения качественного образования и подготовки специалистов, адаптированных к современному обществу. Одним из примеров успешной реализации этой идеи является открытие инновационного бизнес-клуба под названием «Smart Coach» в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая, Институте педагогики и психологии. Клуб был запущен для создания инновационной среды, в которой студенты развивают предпринимательские навыки и изучают новые методы в образовании. Клуб позволяет будущим учителям принимать активное участие в инновационном процессе, участвовать в мастер-семинарах экспертов, приглашенных из Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан АО «Атамекен», применять полученные знания на практике и реализовывать собственные проекты. Открытие клуба – важный шаг в обучении будущих учителей начальных классов инновационным навыкам ведения бизнеса.

**Ключевые слова:** бизнес-инновация, инновация, профессия, профессиональная деятельность, профессиональный специалист, бизнес-клуб, будущий педагог.

*Balginbayeva N.,<sup>1\*</sup> Akzholova A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## **PREPARATION OF FUTURE PRIMARY EDUCATION TEACHERS FOR PROFESSIONAL ACTIVITIES ON THE BASIS OF BUSINESS-INNOVATION**

### *Abstract*

The article explores the significance, content, and characteristics of preparing primary school teachers for professional activities with a focus on business-innovations. Enhancing financial literacy starting from elementary school is an economically viable and relevant concern. However, social and economic processes and conditions are not thoroughly addressed in the preparation of future teachers at universities. This issue highlights the necessity of establishing an effective training system based on business innovations in line with the requirements of modern, profession-oriented educational institutions. Through a program-corrective experiment, the authors emphasize the importance of incorporating "business-innovations" into the curriculum to ensure high-quality education and training for professionals who are well-adapted to modern society. One successful example of implementing this concept is the establishment of an innovative business club called "Smart Coach" at the Kazakh National Pedagogical University named after Abay, specifically within the Institute of Pedagogy and Psychology. The club aims to create an innovative environment where

students can develop entrepreneurial skills and learn new educational methods. The club offers future teachers an active role in the innovation process, including participation in expert-led master seminars organized by the National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan, known as JSC "Atameken." Additionally, students have the opportunity to apply their acquired knowledge in practice and implement their own projects. The establishment of this club marks a significant step towards equipping future primary school teachers with innovative business skills.

**Keywords:** business-innovation, innovation, profession, professional activity, professional specialist, business-club, future teacher.

**Негізгі ережелер.** Кәсіпкерлік ел экономикасында маңызды рөл атқарады және негізгі тірегі болып табылады. Еңбек нарығында құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау экономикалық дамыған елдер үшін басты міндет болып табылады. Ғалым Белл Робиннің пайымдауынша, бұл бағыттағы білім сапасы дамушы елдердің де экономикалық жағдайын көтеруге ықпал ете алады [16]. Кәсіпкерлік білім мінез-құлықты, көзқарасты және қабілеттерді дамыту ретінде көрсетілуі мүмкін және шығармашылық, инновация, бизнесті бастау сияқты мәселелерді шешу мақсатында кәсіпкерлік қарым-қатынастарды, дағдыларды және ақыл-ойды арттыруға бағытталған бірнеше күш-жігердің барлығын көрсетуге болады және идеялардың генерациясы кәсіпкерлік білімнің шыңына жетеді [11]. Мюнхен Техникалық университетінің профессоры Изабель Велпе кәсіпкерліктің жеке тұлға мен қоғамға маңызын төмендегі ойлары арқылы дәл жеткізген: «Кәсіпкерлік – қоғамның қажеті. Бұл жеке бастамаға және кәсіпкерлік жай ғана жұмыс табумен шектеліп қалмайды дейтін түсінікке сүйенетін философия, адамның өз орнын табуына ықпал етеді, оған деген құрмет қалыптастырады және әлемді жақсырақ ете түсуге қажет қадамдарды іздестіріп, шынайы инновацияға жол ашады» [2].

Қазақстандағы көптеген кәсіпорындар мен ұйымдар бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды факторы ретінде бизнесті басқару саласында адами капиталды қалыптастыруға сүйенді [21]. Іскерлік білім беру саласындағы инновациялардың жоғары деңгейі мамандарға заманауи білім беру технологияларын қолданып қана қоймай, сонымен қатар мамандарды жоғары сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ететін әрбір студентке жеке көзқарасты ұсынатын құрылымдарды таңдау мүмкіндігін береді. Осылайша, бизнес-инновация арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлауды қарастыру жолдары өзекті мәселе болып отыр. Болашақ бастауыш білім беру педагогтерінің кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудағы бизнес инновациялардың тиімділігін және олардың оқу тәжірибесін жетілдірудегі тиімділігі қарастырылады. Экономикалық тұрғыдан, әсіресе оқу үрдісіндегі бизнес-инновациялық білім беру жүйесі болашақ мұғалімдерді кәсіби іскерлікке тікелей дайындап, табысты еңбек етуге бағыттайды. Оған қоса, өскелең ұрпақты кәсіпкерлікке бастауыш сыныптан бастап оқыту осы мамандардың жетекшілігінде болады.

Кәсіби іс-әрекет адамның өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол тұлғаны қалыптастыруда және оның мүмкіндіктерін толық ашуға ықпал етеді. Адамның ішкі позициясының дамуы көбінесе оның кәсіби өсуімен анықталады деп айта аламыз. Осы тұрғыда мұғалімдерді *кәсіби іс-әрекетке даярлау* ұғымына психолог С.Л. Рубинштейн «кәсіби іс-әрекетке даярлық мазмұны мұғалімнің іс-әрекетке қажетті адамгершілік-психологиялық қасиеттерін, ақыл-ой және теориялық қабілеттер, қоғамдық-саяси және психологиялық-педагогикалық білімдер кешені, сонымен қатар бағдарламалық әдістемелік білімдер мен дағдылар жатады» деген анықтама береді [3]. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде педагогтың тұлғалық-кәсіби дамуы мектеп оқушыларының кәсіби-педагогикалық бағдарлануын, педагогикалық оқу орындарындағы болашақ мұғалімдердің даярлығын, бітірушілердің шынайы педагогикалық тәжірибеге бейімделуін, тәжірибенің жинақталуына байланысты педагогикалық шеберліктің жетілдірілуін қамтитын үздіксіз процесс ретінде қарастырылады. Ал әйгілі американдық менеджмент ғалымы Питер Дракер бизнес инновациялары мен оның табысты кәсіпкерліктегі рөлін ерекше атап өтті. Ол өзінің «Инновация және кәсіпкерлік» кітабында бизнестегі инновацияға қатысты идеялары мен тұжырымдамаларын ұсынады. Питер Дракердің *бизнес инновациялары туралы негізгі идеялары:*

– *Инновация өсу мен даму құралы ретінде:* инновация кәсіпорындардың өсуі мен дамуының негізгі факторы екенін дәлелдеді. Ол нарықта бәсекеге қабілетті болып қалу үшін үнемі жаңа идеяларды, әдістер мен тәсілдерді іздеудің маңыздылығын атап өтті.

– *Инновацияның түрлері:* инновацияның әртүрлі түрлерін, соның ішінде өнімдердегі, процесстердегі, нарықтағы инновацияларды және ұйымдық өзгерістерді анықтады. Ол табысты ұйымдар өз қызметінің әртүрлі аспектілерінде дамып, жаңашылдық енгізуі керек деп есептеді.

– *Кәсіпкерліктің рөлі:* кәсіпкерлік инновацияның қозғалтқышы екенін атап өтті. Ол кәсіпкерлік ұйымға инновациялар енгізуге және табысқа жетуге мүмкіндік беретін ойлау және әрекет ету тәсілі деп есептеді.

– *Инновацияларды басқару:* ұйымдағы инновацияларды басқарудың маңыздылығына назар аударды [19]. Ол инновацияларды ынталандыратын және қолдайтын құрылымдық процесстерді, жүйелер мен мәдениеттерді құруды ұсынды. Ал енді *педагогика саласындағы мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті* – жаңа идеялар мен әдістерді зерттеуге, зерделеуге және қолдануға бағытталған прогрессивті іс-әрекет. Ол мұғалімнің кәсіби тәжірибесіне, оқу орнының жағдайына және білім алушылардың деңгейіне сүйене отырып, оқу-тәрбие үрдісіне жаңашыл идеялар мен әдістерді енгізуді қамтиды. Іскерлік қызметті жүзеге асыратын мұғалімнің практикалық кәсіпкерлік тәжірибесі болуы, мұғалім мен кәсіпкердің кәсіби және жеке қасиеттерін меңгеруі, адамгершілігімен, үнемділігімен, толеранттылығымен, эмпатиясымен, креативтілігімен, рефлексиясымен ерекшеленетін белгілі бір іскерлік ұстанымды ұстануы қажет [5,6,7]. Мұғалімнің бизнес-инновациялық білімін қалыптастыру оның белсенді инновациялық іс-әрекетінен басталады.

Шетелдік ғалымдар мұғалімнің *кәсіби іс-әрекеті (қызметі) мен оқытудағы кәсіпкерлік (бизнес) арасындағы байланысты* белсенді түрде зерттеуде мұғалімдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытудың маңыздылығын атап өтеді. Бұған *шешім қабылдау, инновациялық ойлау, көшбасшылық, ресурстарды басқару және ынталандырушы оқу ортасы* кіреді [20]. Қазіргі таңда бизнес-инновациямен оқыту тұлғаны тек білім алу мен дағдыларға ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің субъектілерін қалыптастыруға бағытталған тұлғалық едәуір өзгерістерді жүзеге асырады. Осы орайда бастауыш сыныптарда оқытатын кәсіби мамандарды дайындау керек деген тұжырымға келеміз.

*Бизнеске бағдарлау негізінде оқыту* – құзыретті маманның болашақ кәсіби қызметінде табысты әлеуметтенуі үшін қажетті кәсіпкерлік білім, дағдыларды қалыптастыру, жеке тұлғаның іскерлік қасиеттерін дамыту және бизнесті ұйымдастыру тәжірибесін жинақтау процесі [4]. Ал енді бизнес-инновацияға бағдарлау арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлау болашақ педагогтердің кәсіби маңызды қасиеттерін (дербестік, бастамашылдық, шығармашылық, мақсаттылық, өз қызметін жоспарлай білу), кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады (әлеуметтік және жеке, коммуникативтік, психологиялық, ақпараттық, басқарушылық, кәсіпкерлік білім) [4]. Бизнес зерттеудің негізгі мақсаты студенттерді бизнес мансапқа дайындау немесе ұйымдардың нақты әлемде қалай жұмыс істейтінін түсіну болады [14]. Студенттердің мұқият дайындалуы оларға бизнес пен нарық арасындағы әртүрлі қақтығыстарға оңай қарсы тұруға және шынайылықты талдау үшін өздерінің интеллектуалдық қабілеттерін қолдануға мүмкіндік береді, сол арқылы сыни ойлаудың маңыздылығын көрсетеді. Дегенмен, малайзиялық Путра университетінің зерттеушілері Пихеи мен Сани, бақылаулар мұғалімдердің кейбір өзгерістерге бейімделе алмағанын көрсетті, өйткені қазіргі мұғалімдер ақпараттың жалғыз көзі ретінде қарастырылатын дәстүрлі оқыту әдісін ғана қолданады. Олар жаңа көзқарасты қабылдауға дайын болуы керек және жаңа оқу бағдарламасын жүзеге асыруға мазмұнды үлес қосу үшін өз идеяларын нақты жеткізе білуі керек деген тұжырымға келеді [18]. Осы орайда, болашақ білім беру педагогтерін елдің экономикалық дамуына белсенді қатысуға дайындауда бизнес инновацияның маңызды рөлін ескере отырып, кәсіби іс-әрекетке даярлауда инновациялық бизнесті оқыту өте маңызды болып отыр.

**Кіріспе.** Оқытудағы инновация – заман талабы. Қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі – инновациялық көзқараспен ерекшеленетін білім беру процесіне сәтті көшу. Білім беру парадигмасы өзгеруде, бағдарламалардың мазмұндары жаңарып, оқу процесіне деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Қазіргі білім беру жүйесінде, болашақ педагогтерді оқытуда әлеуметтік, өндірістік, экономикалық процесстер мен жағдайларды терең оқытпайды. Бастауыш сыныптан бастап кәсіпкерлік сауаттылықты арттыру – экономикалық тұрғыдан ұтымды және өзекті, қажетті шара болып табылады. Себебі, еліміздің ертеңгі экономикасы кәсіби мамандардың қолында. Жоғары оқу орындарынан арнайы экономикалық дайындықтан өткен, кәсіпті ұйымдастыруға жеткілікті ынтасы бар педагог-мамандар қажет. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы Заңына» сәйкес: «педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге

асыратын адам». Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің, тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға; кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына құқылы [1]. Осыған байланысты, болашақ педагогтерді іскерлікке бағдарлай отырып, басты мақсат – оқу-тәрбие үдерісін инновациялау, кәсіпкерлік білім алуға ынталы, бастамашыл, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу және дамыту, оның бизнесті ұйымдастыру мен жүзеге асыру әлеуетіне ішкі дайындығын қалыптастыру болып табылады.


**Материалдар және әдістер.** Зерттеудің мақсаты – студенттердің оқуына өзгерістер енгізуге және кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруға көмектесетін бағдарламалық-коррекциялық эксперимент жүргізу және студенттердің бойында келесі қасиеттерді дамытудың маңыздылығы туралы ойландыруға ынталандыру болды:

- Кәсіби жоғары дайындық;
- Кәсіпкерлік білім мен ой-өрісті қалыптастыру;
- Арнайы курстарға баруға ұмтылу;
- Практикалық сабақтарға қызығушылық;
- Нарық жағдайын талдау;

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің, Педагогика және психология институты, «6B013003 – Бастауыш білім бизнес-инновациямен» мамандығының 1,2,3 курс студенттеріне Google формада онлайн сауалнама жүргіздік. Жалпы сауалнамаға қатысқандар саны 73 студент. Қатысушыларға зерттеу бөлігі ретінде толтыру үшін сауалнамаға сілтеме жіберілді. Зерттеуге дейін университет әкімшілігінен сауалнама жүргізуге және деректерді пайдалануға рұқсат алынды. Студенттер төмендегідей сұрақтарға жауап беруі қажет болатын:


- Университетте кәсіпкерлік білімді дамытуға қандай деңгейде қолдау көрсетіліп жатыр?
- Қазіргі білім беру бағдарламаңыз кәсіпкерлік ой-өрісті қалыптастыру қажеттіліктеріңізге сәйкес келе ме?
- Сіздің ойыңызша, бизнес-инновацияға бағытталған жаңа пәндерді енгізу кәсіпкерлік сананы дамыту үшін қажет пе?
- Кәсіпкерлік ойлау жүйесін дамытуға бағытталған қосымша тренингтерге, курстарға немесе семинарларға қатысасыз ба?
- Қазіргі кәсіпкерлік ойлау деңгейіңіз кәсіпті сәтті бастау үшін жеткілікті ме?
- Бойыңызда бар болашақ мұғалімнің кәсіби қасиеттері.

Студенттердің берген кері байланысына көз жүгіртсек, университеттегі кәсіпкерлік білім 34,2%-ға жоғары, 56,2%-ға орташа, 9,6%-ға төмен деңгейде қолдау көрсетіліп жатқанын жеткізеді. (Сурет 1)




Сурет 1. Университеттегі кәсіпкерлік білімді дамытуды қолдау көрсеткіші

Қазіргі қолданыста жүріп жатқан білім беру бағдарламаларының кәсіпкерлік ой-өрісті қалыптастырудағы сәйкестілігі 68,5 %-ды құрайды, 16,4 %-ы сәйкес келмейтіндігін көрсетсе, ал 15,1 %-ы сенімді емеспін деген жауап берді. (Сурет 2)



Сурет 2. Қолданыстағы бағдарламалардың кәсіпкерлік ой-өрістерді қалыптастырудағы диаграмма көрсеткіші

Бизнес-инновацияға бағытталған жаңа пәндерді еңгізу кәсіпкерлік сананы дамытатынын 85,9% көрсетеді, ал өздерінің кәсіпкерлік ойлау деңгейлерін кәсіпті бастау үшін жеткіліксіз деп танып 41,7% кері байланыс орнатты. Студенттер өздерінің бойындағы бар болашақ мұғалімнің қасиеттері: жауапкершілік 87,5%, көшбасшылық 62,5%, ұйымдастырушылық 55,6% құраса, стресске төзімділік 38,9%, тұлғааралық қабілеттер 45,8%, шығармашылық 34,7 % көрсетіп отыр. (Кесте 3)



Кесте 3. Болашақ педагогтердің кәсіби қасиеттерінің диаграммалық көрсеткіші

**Нәтижелер мен талқылау.** 1. Университеттедегі оқу бағдарламалары студенттердің кәсіпкерлік ойлауын дамытудағы қажеттіліктерін толық қанағаттандыра бермейтінін растайды. Бұл бағдарламалардың негізінен теориялық білім беруге бағытталғандығымен байланысты болуы мүмкін, яғни студенттерде кәсіпкерлік дағдыларды дамыту үшін жеткілікті практикалық мүмкіндіктер қамтамасыз етілмейді.

2. Бизнес инновацияға бағытталған оқу бағдарламаларын енгізу. Бизнес инновацияға қатысты жаңа бағдарламалар студенттерге табысты кәсіпкерлік үшін қажетті білім мен дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бизнес идеяларды дамыту, инновациялық жобаларды басқару, нарықты талдау, бизнес үлгілерін жасау және т.б.

Кәсіпкерлік білім берумен байланысты кешенді оқыту нәтижелерінің қазіргі жетіспеушілігі тиімді және сапалы кәсіпкерлік білім беруді дамытудың негізгі шектеулерінің бірі ретінде анықталуы мүмкін (Еуропа Комиссиясы, 2016 ж.). Ғылыми зерттеулер университеттердегі білім беру бағдарламалары студенттердің кәсіпкерлік ойлауын қалыптастыру қажеттіліктерін әрдайым жеткілікті түрде қанағаттандыра бермейтінін растайды. Бұл қолданыстағы бағдарламалардың теориялық білімді беруге бағытталғандығынан, бірақ бұл білімді іс жүзінде қолдануға және кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға жеткілікті мүмкіндіктерді бермеуіне байланысты болуы мүмкін. Осы тұжырымдарға және экспериментіміздің нәтижесіне сүйене отырып, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Бастауыш білім бизнес инновациямен» білім беру бағдарламасы студенттері үшін «Smart coach» бизнес инновациялық клубын аштық. **Клубтың мақсаты** – студенттерде кәсіби қызмет саласында бизнес инновациялық білім мен дағдыларды дамытуды қамтамасыз ету.

*Міндеттері:*

- студенттердің жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;
- студенттерде кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;
- «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бизнес-тренерлерінің шеберлік сабақтарына қатысу арқылы кәсіпкерлік дағдыларды дамыту;
- бизнес-идеяларды ойлап табу және бизнес-жоспар құру дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;
- болашақ мамандардың бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту жеке кәсіпкерлікке қызу-ғышылығын арттыру, жеке кәсіби өсуге үйрету, soft skills дағдыларын дамыту, өздігінен ізденуге тәрбиелеу.
- зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Бизнес-инновация негізінде білім алған жас мұғалімдердің болашақ педагогикалық қызметіне, оқу орындарында шағын кәсіпкерлікті ұйымдастыруға жеткілікті мотивациясы және заман талабына сай дағдылардың болуы керек екенін атап өткен жөн [22]. Студенттердің бизнес инновацияға бағдарланған практикалық сабақтарға қатысуы табысты бизнес критерийлерін өз бетінше анықтауға және заманауи жағдайларда жеке бизнес стратегияларын жасауға көмектесетін білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкерлермен және бизнесмендермен жеке қарым-қатынас студенттердің іскерлік қарым-қатынас тәжірибесін байытады және олардың ұйымдастырушылық және коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мұндай байланыстар студенттерге іскерлік байланыстар желісін кеңейтуге және тәжірибелі кәсіпқой мамандардан практикалық кеңес алуға көмектеседі.

Қазіргі уақытта мұндай тәсілді негізінен студенттердің алғашқы бизнес-жобаларын жасау үшін инновациялық технологияларды, мысалы, ойын-симуляторларды және VR-реалиттерді қолданатын жеке университеттер ұсынады [8,9]. Студенттер қазір жұмыс істейтін компанияның немесе кәсіпорынның жобасын таңдай алады немесе өз жобасын ұсына алады және оны бағдарлама тәлімгерінің басшылығымен әзірлей алады. Жоба болмаса, оны тәлімгер ұсынады. Бүкіл оқу үдерісінде тәлімгердің жеке басшылығына ие болу өте маңызды [10]. Кәсіпкерлік курсының мазмұнына шолулар оқыту әдістемесінің тиімді екенін көрсетті кейс-стади, жеке презентация, топтық жобалар, ресми дәрістер, семинарлар, қонақ сияқты әртүрлі санаттағы спикерлер, веб-негізделген оқыту, топтық талқылау [11]. Мұның бәрі студенттерде бизнес туралы неғұрлым толық және практикалық бағдарланған түсінікті қалыптастыруға және табысты кәсіпкерлік қызмет үшін қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Сондықтан да білікті мамандарды қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Бұл кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру арқылы ғана мүмкін болады. Ол келесі жеке қасиеттерді қамтиды: мотивация; белсенді көзқарас, жауапкершілік; шығармашылық; көпшілдік; стресске төзімділік [12]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған инновациялық клубы студенттердің кәсіби өсуіне оң әсерін тигізуі мүмкін. Бизнес инновацияға бағытталған клубтың болашақ мұғалімдер үшін маңызды болуының бірнеше себептері:

– *Кәсіпкерлік дағдыларды дамыту:* Іскерлік инновациялар клубы студенттерге кәсіпкерлік тұжырымдамаларымен және принциптерімен танысуға мүмкіндік береді. Олар жоспарлау, маркетинг, қаржы және ресурстарды басқару сияқты бизнестің әртүрлі аспектілерін зерттей алады. Бұл дағдыларды дамыту болашақ мұғалімдерге өз тәжірибесінде икемді және жаңашыл болуға көмектеседі, сонымен қатар өздерінің білім беру жобаларын немесе бағдарламаларын жасауға көмектеседі.

– *Тәжірибе және білім алмасу:* Клуб аясында болашақ мұғалімдер бизнес-инновация саласындағы әріптестерімен және сарапшыларымен тәжірибе, білім және идеялармен алмасуға мүмкіндік алады. Бұл оларға білімдерін кеңейтуге, озық тәжірибелер мен технологиялар туралы білуге, жобалары мен идеялары бойынша кері байланыс пен сындарлы кеңес алуға мүмкіндік береді.

– *Желілік және серіктестік:* Іскерлік инновациялар клубы ұмтылған педагогтарға құнды кәсіби байланыстар мен серіктестіктер орнатуға мүмкіндік береді. Олар бизнес секторының адамдарымен, стартаптардың, инновациялық компаниялардың және басқа да оқу орындарының өкілдерімен кездесе алады. Бұл сілтемелер ынтымақтастықтың, ресурстарды бөлісудің және бірлескен жобаларды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін аша алады.

– *Инновациялық ойлауды дамыту:* Іскерлік инновациялар клубы болашақ мұғалімдердің инновациялық ойлауын дамытуды ынталандырады. Олар креативті ойлауға, жаңа тәсілдер мен шешімдер

табуға, тез өзгертін білім беру ортасына бейімделуге үйренеді. Бұл олардың студенттерді заманауи элементтің сын-қатерлеріне жақсырақ дайындауға және бүгінгі күн талаптарына сай сапалы білім беруге көмектеседі.

– *Заманауи технологиялар мен әдістерді интеграциялау:* Үйірме аясында болашақ мұғалімдер жаңашылдықты өз тәжірибесінде тиімді пайдалануға көмектесетін заманауи технологиялар мен әдістермен таныса алады. Бұл сандық құралдарды, онлайн ресурстарды, интерактивті оқу материалдарын, геймификацияны және басқа да инновациялық оқыту тәсілдерін пайдалануды қамтуы мүмкін.

– *Мансаптық өсу:* Бизнес-инновациялар клубының мүшесі болу болашақ мұғалімнің мансабына оң әсер етуі мүмкін. Клубта болу олардың түйіндемесіндегі маңызды тармақ болуы мүмкін және олар алған дағдылары мен тәжірибесін болашақ мансабында пайдалана алады. Сонымен қатар, клубта олар кәсіби өсу мен дамудың жаңа мүмкіндіктерін таба алады.

Smart Coach инновациялық бизнес клубы болашақ бастауыш білім педагогтерін білім сапасын арттыруға, шығармашылық ойлауды дамытуға және білім беру саласындағы заманауи сын-қатерлерге дайын болуға дайындайды. Болашақ кәсіпкерлер үшін коучинг қызметін атқаратын білім беру бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру маңызды. Мұндай бағдарламалар тек теориялық базаны ғана емес, сонымен қатар практикалық тапсырмаларды, жобаларды, кейс-стади, нақты іскерлік жағдайлармен жұмысты және кәсіпорындармен және бизнес секторымен ынтымақтастық мүмкіндігін қамтуы керек. Сондай-ақ олар қарым-қатынас, шешім қабылдау, ресурстарды басқару, бейімделу және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

**Қорытынды.** Заман талабына сай бастауыш және кәсіптік мектептердің оқу бағдарламаларына іскерлік білім беруді енгізудің маңызы зор. Іскерлікке бағытталған педагог мектептерде және кәсіптік оқу орындарында мамандандырылған курстарды жүргізе алады, сондай-ақ шағын білім беру кәсіпорындарын ұйымдастыра алады. Бизнес инновациялар негізінде білім алған жас мұғалімдердің оқу орындарында табысты оқыту және шағын бизнесті ұйымдастыру үшін жеткілікті мотивациясы мен заманауи дағдылары болуы керек. Осы тұрғыда, бизнес инновацияға бағытталған университеттің инновациялық білім беру кеңістігінде болашақ мұғалімдерді даярлаудың тиімділігі педагогикалық жағдайлар кешенін жасау арқылы жүзеге асады. Экономиканың инновациялық даму жағдайында инновациялық шағын және орта бизнес белсенді дамуына үкіметіміз де қызығушылық білдіреді. Еліміздің білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі – оқытудың инновациялық технологияларын енгізу арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейін халықаралық деңгейге көтеру. Заман талабына сай тек бастауыш сынып мұғалімі болу жеткіліксіз, мұғалім білім саласында да, бизнесте де жаңашылдықтың бастамашысы болуы керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (2019) [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)
2. Adam Bluestein, «The Success Gene: Why Some Family Businesses Thrive Year after Year after Year», <http://www.inc.com/magazine/20080401/the-success-gene.html>, accessed January 17, 2015; and <http://www.husseyseating.com>, accessed January 17, 2015.
3. Сергей Леонидович Рубинштейн. Основы общей психологии. (изд. 2-е, 1946 г.) Серия: Мастера психологии. Издательство: Питер, 2002 г.
4. Тенетилова В.С. Технология организации самостоятельной деятельности в процессе изучения дисциплины «Основы предпринимательской деятельности» / В.С. Тенетилова //Формирование в вузе профессиональной компетентности будущего учителя технологии для работы в профильной школе. Монография//Составитель и научный редактор проф. А.А. Калекин. – Орел: Издательство ОГУ, 2009.– С. 217-222 б.
5. Каганов В., Мухин А., Толоконников А. Технология подготовки предпринимателей //Вестник высшей школы. 1999. №2. С.42-46.
6. Максимов В.П., Симоненко В.Д. Предпринимательство и социально-экономическое развитие России: монография. Брянск: Изд-во БГУ, 2001.217 с.
7. Максимова В.Н. Межпредметные связи и совершенствование процесса обучения//Книга для учителя. М.: Просвещение, 1994. 143 с.
8. Costin, Y., O'Brien, M.P., & Slattery, D.M. (2018). Using simulation to develop entrepreneurial skills and mind-set: An exploratory case study. *International Journal of Teaching and Learning in Higher Education*, 30(1), 136-145.



9. Safin R.S., Shaidullina A.R., Alikhanova R.A., Muskhanova I.V., Yusupkhadzhiyeva T.V., Dzhamalkhanova L.A., Mezhidova F.V., Nigmatzyanova V.M., & Akhmetov L.G. Innovative entrepreneurship in education: A new look in the students training content and existing problems. *International Review of Management and Marketing*, 6(2),2016. 51-56.
10. Falyakhov I. Corporate qualification of the mentor in the dual education system. *Journal of Social Studies Education Research*, 9(2), 2018. 89-103.
11. Fayolle A. and Gailly B. From craft to science: Teaching models and learning processes in entrepreneurship education. *Journal of European Industrial Training*, 32(7), 2008. 569-593.
12. Sousa M.J., & Almeida M.D.R. Entrepreneurial skills development. *Recent Advances in Applied Economics*, (2014). 135-139.
13. Алехина И.В. Дидактические основы применения ЭВМ в процессе формирования педагогических умений у будущих учителей. Дис.к.п.-н.-Брянск, 1994.-198 б.
14. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылымиәдістемелік негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. 2009ж. Алматы. 82б.
15. Emeasoba N. C. & Victor, Igwe J.N. Business studies teachers perception of effective strategies for teaching business studies in promoting national sustainable development. *Journal of emerging trends in educational research and policy studies (JETERAPS)*, 7(3), 2016. 217 – 225.
16. Bell R. Curriculum development & teaching approaches in entrepreneurship education. In: *Summit forum on entrepreneurship education in universities: international experiences and local practice on entrepreneurship education*. Wenzhou University, Wenzhou. 2016.
17. Dube O. & Moffat P. Towards Accomplishing the Goal of the World of Work Through Social Studies Instruction: Possibilities and Challenges. *International Journal of Scientific Research in Education*, 2(1),2009. 1-12.
18. Pihie Z.A.L. & Sani A.S.A. Exploring the entrepreneurial mindset of students: Implication for improvement of entrepreneurial learning at university. *The Journal of International Social Research*, 2 (8), 2009. 340-345.
19. Peter F. Drucker. *Innovation and Entrepreneurship: Practice and Principles"* (New York: Harper & Row, 1985)
20. Bal A., Töman U. Fostering Entrepreneurial Skills in Teacher Education: A Systematic Literature Review. *International Journal of Instruction*, 13(2),2020. 811-828.
21. Ахметов А.К., Кадыров М.Ш. Адаптация специалистов: профессионально-экономический аспект. Актау: Актауский гос. Университет, 1995.
22. Ақжолова А.Т., Балгинбаева Н.Е. «Бастауыш білім беру педагогтерінің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда бизнес-инновацияның тиімділігі». "Заманауи педагогикалық білім берудің өзекті мәселелері мен перспективалары": Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ХҒПБА академигі К.Қ.Жампейісованың 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2022, - 507б.

#### References:

1. «Pedagog мәртебесі туралы» Qazaqstan Respublikasy Zangy (2019) [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)
2. Adam Bluestein, «The Success Gene: Why Some Family Businesses Thrive Year after Year after Year», <http://www.inc.com/magazine/20080401/the-success-gene.html>, accessed January 17, 2015; and <http://www.husseyseating.com>, accessed January 17, 2015.
3. Sergej Leonidovich Rubinshtejn. *Osnovy obshchej psihologii*. (izd. 2-e, 1946 g.) Seriya: *Mastera psihologii*. Izdatel'stvo: Piter, 2002 g.
4. Tenetilova B.C. *Tekhnologiya organizacii samostoyatel'noj deyatel'nosti v processe izucheniya discipliny «Osnovy predprinimatel'skoj deyatel'nosti» / B.C. Tenetilova //Formirovanie v vuzе professional'noj kompetentnosti budushchego uchitelya tekhnologii dlya raboty v profil'noj shkole. Monografiya//Sostavitel' i nauchnyj redaktor prof. A.A. Kalekin. - Orel: Izdatel'stvo OGU, 2009.-S. 217-222 b.*
5. Kaganov V., Muhin A., Tolokonnikov A. *Tekhnologiya podgotovki predprinimatelej //Vestnik vysshej shkoly. 1999. №2. S.42-46.*
6. Maksimov V.P., Simonenko V.D. *Predprinimatel'stvo i social'no-ekonomicheskoe razvitiе Rossii: monografiya. Bryansk: Izd-vo BGU, 2001.217 s.*

7. Maksimova V.N. *Mezhpredmetnye svyazi i sovershenstvovanie processa obucheniya//Kniga dlya uchitelya. M.: Prosveshchenie, 1994. 143 s.*
8. Costin Y., O'Brien M.P., & Slattery D.M. *Using simulation to develop entrepreneurial skills and mind-set: An exploratory case study. International Journal of Teaching and Learning in Higher Education, 30(1), 2018. 136-145.*
9. Safin R.S., Shaidullina A.R., Alikhanova R.A., Muskhanova I.V., Yusupkhadzhiyeva T.V., Dzhambalkhanova L.A., Mezhidova F.V., Nigmatzyanova V.M., & Akhmetov L.G. *Innovative entrepreneurship in education: A new look in the students training content and existing problems. International Review of Management and Marketing, 6(2),2016. 51-56.*
10. Falyakhov I. *Corporate qualification of the mentor in the dual education system. Journal of Social Studies Education Research, 9(2), 2018. 89-103.*
11. Fayolle A. and Gailly B. *From craft to science: Teaching models and learning processes in entrepreneurship education. Journal of European Industrial Training, 32(7), 2008. 569-593.*
12. Sousa M.J., & Almeida M.D.R. *Entrepreneurial skills development. Recent Advances in Applied Economics, 2014. 135-139.*
13. Alekhina I.V. *Didakticheskie osnovy primeneniya EVM v processe formirovaniya pedagogicheskikh' umenij u budushchih uchitelej. Dis.k.p.-n.-Bryansk, 1994.-198 b.*
14. Zhumbabaeva Ә.Е. *Bastauysh mektepte қазақ тили синтаксисін дамыта оқытудың ғылымиәдістемелік негіздері. Pedagogika ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған dissertaciya. Almaty. 82b. (2009)*
15. Emeasoba N.C. & Victor Igwe J.N. *Business studies teachers perception of effective strategies for teaching business studies in promoting national sustainable development. Journal of emerging trends in educational research and policy studies (JETERAPS), 7(3),2016. 217 – 225.*
16. Bell R. *Curriculum development & teaching approaches in entrepreneurship education. In: Summit forum on entrepreneurship education in universities: international experiences and local practice on entrepreneurship education. Wenzhou University, Wenzhou.2016.*
17. Dube O. & Moffat P. *Towards Accomplishing the Goal of the World of Work Through Social Studies Instruction: Possibilities and Challenges. International Journal of Scientific Research in Education, 2(1), 2009. 1-12.*
18. Pihie Z.A.L. & Sani, A.S.A. *Exploring the entrepreneurial mindset of students: Implication for improvement of entrepreneurial learning at university. The Journal of International Social Research, 2 (8), 2009. 340-345.*
19. Peter F. Drucker. *Innovation and Entrepreneurship: Practice and Principles" (New York: Harper & Row, 1985)*
20. Bal A., Töman U. *Fostering Entrepreneurial Skills in Teacher Education: A Systematic Literature Review. International Journal of Instruction, 13(2), 2020. 811-828.*
21. Ahmetov A.K., Kadyrov M.SH. *Adaptaciya specialistov: professional'no-ekonomicheskij aspekt. Aktau: Aktauskiy gos. Universitet, 1995.*
22. Aқzholova A.T., Balginbaeva N.E. *«Bastauysh bilim beru pedagogteriniң kәsibi is-әreketke dayarlygyn qalyptastyruda biznes-innovaciyanıң tiimdiligi». "Zamanauı pedagogikalıq bilim beruding әzekti мәseleleri men perspektivalary": Pedagogika ғылымдарының докторы, профессор, HGPBA akademigi K.Q.Zhampejisovanyng 70 zhyldyқ merejtojyna arnalған halyқaralyқ ғылыми-praktikalық konferenciya materialdary – Almaty: Abaj atyndazy QazҰPU, 2022, - 150 b.*